**2000 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасын әзірлеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 мамыр N 655

2000 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасын әзірлеу мақсатында, сондай-ақ "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990358_ Заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің "2000 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу туралы" 1999 жылғы 20 сәуірдегі N 116 U990116_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын қалыптастыру жөніндегі Бюджет комиссиясының жұмыс жоспар кестесі бекітілсін (бұдан әрі - Бюджет комиссиясы).

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Бюджет комиссиясының қарауына мыналарды енгізсін:

1999 жылдың 1 маусымына дейін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тізбесін;

1999 жылдың 1 маусымына дейін республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесін анықтау жөніндегі ұсыныстарды;

1999 жылдың 1 маусымына дейін аумақтық бөліністе 1999 жылға арналған бағалау мен 2000 жылға арналған болжамды;

республикалық және коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруден түсетін түсімдерді;

мемлекеттік меншік болып табылатын акциялардың пакетіне дивидендтердің түсімдерін;

1999 жылдың 11 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен келісім бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге 2000 жылы түсетін түсімдердің болжамын;

1999 жылдың 16 маусымына дейін 2000 жылы жекешелендіруге жататын республикалық және коммуналдық меншік объектілерінің тізбесін анықтау жөніндегі ұсыныстарды;

1999 жылдың 16 маусымына дейін республикалық бюджеттік бағдарламалардың функционалдық топтары мен әкімшілері бойынша республикалық бюджет шығыстарының лимитін;

1999 жылдың 21 маусымына дейін үкіметтік борыш лимиті, 2000 жылға арналған Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдіктерін беру лимиті бойынша ұсыныстарды;

1999 жылдың 30 маусымына дейін 2000 жылға арналған жергілікті атқарушы

органдардың қарыз алуының жиынтық лимиті, жергілікті атқарушы органдар борышының жиынтық лимиті бойынша ұсыныстарды;

1999 жылдың 5 шілдесіне дейін аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың лимиттерін;

1999 жылдың 27 шілдесіне дейін республикалық бюджеттік бағдарламалардың функционалдық топтары және әкімшілері бойынша 2000 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының көлемімен бірге республикалық бюджеттік бағдарламалардың нақтыланған тізбесін;

1999 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің нақтыланған жобаларын және аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың көлемін;

2) 1999 жылдың 21 маусымына дейін функционалдық топтар бойынша 2000 жылға арналған республикалық бюджеттің шығыстары лимиттерін және бюджеттік өтінімдердің, негіздемелердің және есептемелердің нысандарын республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне хабарласын;

3) Бюджеттік комиссиямен келісім бойынша 1999 жылдың 10 қыркүйегіне дейін "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Бюджеттік комиссияның қарауына жіберілетін ұсыныстарды дайындау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мыналарды тапсырсын:

1) Министрліктер, агенттіктер, өзге де орталық мемлекеттік органдар:

1999 жылдың 1 шілдесіне дейін аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бойынша ұсыныстарды;

2) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

1999 жылдың 1 маусымына дейін:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген номенклатура бойынша, аумақтық бөліністе заттай және ақшалай сипаттағы өнімдердің аса маңызды түрлері өндірісінің;

мемлекеттік органдар олар бойынша мемлекеттік меншік құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың санын оңтайландыру туралы ұсыныстардың 1999 жылға арналған бағалауы мен 2000 жылға арналған болжамын;

1999 жылдың 5 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, елдер, есеп айырысу түрлері мен тауарлар топтары бойынша тауарлар мен қызметтер көрсетудің импорты мен экспортының 2000 жылға арналған болжамын;

3) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігі:

1999 жылдың 10 маусымына дейін оны министрліктерге, агенттіктерге және өзге орталық атқарушы органдарға бір мезгілде хабарлай отырып, аумақтық бөліністе, сондай-ақ тұтынушылар топтары бойынша электр энергиясына, жылуға және басқа да коммуналдық қызметтер көрсетуге қойылатын бағалар мен тарифтер деңгейінің 2000 жылға арналған болжамын;

4) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1999 жылдың 5 маусымына дейін 2000 жылға есепті көрсеткіштің, ең төмен жалақының және зейнетақының айлық мөлшерлерін белгілеу жөніндегі ұсыныстар;

1999 жылдың 5 маусымына дейін негіздемелер мен есептемелерді қоса 2000 жылға арналған зейнетақыларды, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды төлеуге арналған шығыстардың болжамын;

5) Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі 1999 жылдың 10 маусымына дейін 2000 жылға арналған көші-қон квотасының жобасын;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша):

1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, аумақтық бөліністе жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасын сатып алуы туралы мәліметтердің және аумақтық бөліністе ұйымдар мен кәсіпорындарға жалақы төлеуге қолма-қол ақша қаражаттарын беру туралы мәліметтердің 1999 жылға арналған бағалауы мен 2000 жылға арналған болжамын;

7) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, аумақтық бөліністе:

нотариалдық кеңселер санының;

нотариалдық кеңселер бойынша мемлекеттік баж сомасының;

азаматтық ахуал актілерінің жазбасын тіркеу жөніндегі мемлекеттік баж сомасының;

соттар санының;

азаматтық ахуал актілерінің жазбасын тіркеуді жүзеге асыратын ұйымдар санының;

соттар бойынша мемлекеттік баж сомасының 1998 жылғы көрсеткіштерінің, 1999 жылға арналған бағалау мен 2000 жылға арналған болжамды;

8) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі:

1999 жылдың 3 маусымына дейін аумақтық бөліністе 1998 жыл және 1999 жылдың 5 айы үшін:

1-қосымшаға сәйкес 1998 жылғы декларациялар бойынша жиынтық

деректерді;
занды тұлғалардан алынатын табыс салығының және ішкі өндірістегі тауарларға салынатын қосылған құн салығының есептелген және төленген сомасын;
заңды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығының, мониторинг жүргізіліп отырған ірі салық төлеушілер бойынша қосылған құн салығының есептелген және төленген сомасын, кемалым мен артық төлемнің сомасын;
салықтар, бойынша кемалымның сомасын;
"нөлдік" ставка бойынша өтеуге есептелетін қосылған құн салығының сомасын және өтелген соманы;
патенттер бойынша жұмыс істейтін жеке меншікті кәсіпкерлердің санын;
куәліктер бойынша жұмыс істейтін жеке меншікті кәсіпкерлердің санын;
патенттер бойынша жұмыс істейтін шаруа (фермер) қожалықтарының санын;
куәліктер бойынша жұмыс істейтін шаруа (фермер) қожалықтарының санын;
патент, куәлік құнының орташа мөлшерін;

1998 жылғы өндірістік қуаттар, іс жүзіндегі өндіріс туралы мәліметтерді, алкогольді өнімдер мен этиль спиртін өндіретін кәсіпорындар бойынша 1999 жылға арналған бағалау мен 2000 жылға арналған болжамды;

1999 жылдың 1 шілдесіне дейін қаржылық тәртіпті күшейту жөнінде мыналар жайындағы ұсыныстарды:

республикалық бюджетпен (оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен) несие алған мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың бірінші басшыларының республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына жауапкершілігін арттыру;

салықтар мен өзге де төлемдердің мемлекеттік бюджетке түсуіне әкімшілік жүргізу;

9) Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (келісім бойынша):

1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, аумақтық бөліністе 2000 жылы жорамалданып отырған бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу үшін алым мөлшерлері бойынша есептемелерді;

10) Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі:

1999 жылдың 10 маусымына дейін Мемлекеттік инвестициялардың 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын;

1999 жылдың 10 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ғылым және

жоғары білім министрлігімен бірлесіп, мамандықтар бөлінісінде аймақтардың ерекшелігін ескере отырып мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары және орта арнаулы білімді кадрларды даярлауға 2000-2001 оқу жылына арналған қажеттілікті;

11) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1999 жылдың 1 маусымына дейін:

ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне берілген машина жасау өнімдері үшін лизингтік төлемдер бойынша негізгі борышты өтеудің кестесін;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, аумақтық бөліністе:

тамырымен босатылатын ағаш үшін ақы есебі бойынша;

санаттары бойынша жердің бар-жоғы, оны балл-бонитетпен бағалау туралы;

тұтынушылар бойынша су алу лимитінің көлемі туралы;

жерді және жерді тұрақты пайдалану құқығын сатудан, жер учаскелерін жалға беруден, жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін төленетін ақыдан алынатын қаражаттың түсімі туралы 1999 жылға арналған бағалау мен 2000 жылға арналған болжам туралы деректерді;

12) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі:

1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп білім берудің әрбір түрі және ұйымдастыру үлгісі бойынша бір оқушыға, тәрбиелеушіге шаққанда шығыстарды қаржыландырудың нормативтері бойынша негіздемелер мен есептемелерді;

1999 жылдың 5 маусымына дейін:

облыстар бөлінісінде ауылды жердегі амбулаториялық-емханалық ұйымдарды қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативін анықтау жөніндегі есептемелерді;

13) Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып:

1999 жылдың 1 маусымына дейін аумақтық бөліністе:

қоршаған ортаны ластандырғаны үшін төлем түсімдерін және табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін айыппұлдардың;

жер қойнауы туралы ақпаратты пайдалануға бергені үшін ақының 1999 жылға арналған бағалауы мен 2000 жылға арналған болжамын;

14) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша аумақтық бөліністе заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарының бар-жоғы туралы мәліметтерді;

15) Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі 1999 жылдың 1 маусымына дейін:

экономиканың салалары бөлінісінде және аумақтық бөліністе заңды тұлғалардың негізгі құралдарының (оның ішінде автокөлік) бар-жоғы, қозғалысы және құнының есептен шығуы туралы мәліметтерді;

аумақтық бөліністе ауыл халқының санын;

16) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, 2000 жылы консулдық қызметтерді көрсетудің есебінен түсетін түсімдердің негізделген есептемелерін;

1999 жылдың 1 маусымына дейін Ресей Федерациясының тиісті мемлекеттік органдарымен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының қатысуымен "Байқоңыр" кешені объектілерін пайдаланғаны үшін жалгерлік ақының түсуін қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды 1999 жылдың 10 маусымына дейін мүшелік жарналарды төлеуге қажетті шығындардың негізделген есептемелерін қосымша бере отырып, мүшесі Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық ұйымдардың тізбесін;

17) Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және Туризм министрлігі:

1999 жылдың 1 маусымына дейін аумақтық бөліністе:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, радиожиілік ресурсты пайдаланғаны үшін ақысының;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, мемлекеттік кеме қатынасы жолдарын пайдаланғаны үшін ақының;

мезгілде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, Қазақстан Республикасының аумақтық бөліністе автокөлік құралдарының жүріп өткен үшін алымның 1999 жылға арналған бағалауы мен 2000 жылға арналған болжамын;

1999 жылғы 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша аумақтық бөліністе заңды және жеке тұлғалардың көлік құралдарының бар-жоғы туралы мәліметті;

1999 жылдың 5 маусымына дейін Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігімен, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігімен келісім бойынша аумақтық бөліністе, сондай-ақ тұтынушылардың топтары бойынша оны министрліктерге, агенттіктерге және өзге де орталық мемлекеттік органдарға бір мезгілде хабарлай отырып, байланыс қызметіне, көлік түрлері бойынша жүк және жолаушы тасымалына қойылатын бағалар мен тарифтер деңгейінің 2000 жылға

арналған болжамын;

18) Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері (келісім бойынша), " Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ, "Медетші қор" РМК, "Қазақстан Эксимбанкі " ЖАҚ, "ТуранӘлемБанк" ЖАҚ, "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ААҚ, "Цеснабанк " АҮАҚ, "Қазкоммерцбанк" ААҚ, "Алматы сауда-қаржы, банкі" ЖАҚ, " Қазагроөнеркәсіпбанк" ААҚ, "Нұрбанк" АҚ, "ЦентркредитБанк" ААҚ, "Семей қалалық акционерлік банкі" ААҚ, "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" ЖАҚ ( келісім бойынша) 1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, жасасқан шарттар шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен заңды тұлғаларға берілген несиелер бойынша негізгі борыш пен сыйақысының (мүдденің) сомасын 2000 жылы өтеу туралы деректерді;

19) Облыстардың, Алматы және Астана қалаларының әкімдері (келісім бойынша):

1999 жылдың 1 маусымына дейін мыналардың:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, облыстың (қаланың) макроэкономикалық сценарийінде есепке алынатын жұмыс істеушілер санының, орташа айлық жалақының, жалақы қорының;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлкін бағалау құнының;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, жұмыс істеп тұрған базарлардың, автотұрақтардың, автомай құю станцияларының саны мен аланының;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, жекешелендіруге жататын және жанға берілетін коммуналдық меншік объектілері тізбесінің, жалға берілген үй-жайлардың орташа құнының 1998 жылғы мәліметтерін, 1999 жылға арналған бағалауы мен 2000 жылға арналған болжамын;

1999 жылдың 5 маусымына дейін 1999 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша олар тартқан заемдардың қолданылып жүрген портфелі туралы мәліметтерді (заемдардың тізбесін, қаржылық шарттары мен сипаттамасын, іс жүзіндегі жағдайын, қызмет көрсетуі мен өтеуін, өтеу кестелерін, несие келісімдерінің көшірмелерін);

20) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі 1999 жылдың 1 маусымына дейін мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды жүргізуден республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін түсімдердің болжамын;

21) Қазақстан Республикасының Ұлттық лотереясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі кеңес 1999 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігіне бір мезгілде бере отырып, ұлттық лотереяны өткізуден түсетін кіріс сомасының 1999 жылға арналған бағалауы мен 2000 жылға арналған

б о л ж а м ы н .

4. Орталық атқарушы органдар - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мыналарды тапсырсын:

1999 жылдың 1 маусымына дейін сыртқы көздердің есебінен өздері алатын мақсатты ресми трансферттердің (гранттардың) болжамды түрлері бойынша деректерді ;

1999 жылдың 1 маусымына дейін ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер көрсетуді іске асырудан түсетін түсімдердің көлемін;

1999 жылдың 10 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысандар бойынша негіздемелер мен есептемелерді қоса бюджеттік ө т і н і м д е р д і ;

1999 жылдың 10 шілдесіне дейін 2000 жылы атқарылуы нақты қаржыландыру көздерімен қамтамасыз етілмеген шараларға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын қосымша жұмсауды туғызуы мүмкін нормативтік құқықтық актілердің әрекетін тоқтату немесе тоқтата тұру,

кезең-кезеңімен іске қосу жөніндегі ұсыныстарды тапсырсын.

5. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 655 қаулысымен
бекітілген

2000 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын
қалыптастыру жөніндегі Бюджет комиссиясы жұмысының
жоспар кестесі

| Күні | Қаралатын мәселелердің тізбесі | Қатысатын мемлекеттік органдар |
|---|---|---|
| 1.06.99 | Мемлекеттік мекеме-республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тізбесі | Қаржымині, Ұлттық Банк (келісім бойын. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қаржыландырылуын 2000 жылы жүзеге асыру<br>ұсынылып отырған бағдарламалардың тізбесі | ша), Экономикалық<br>жоспарлау жөніндегі<br>агенттік, Стратегия.<br>лық жоспарлау және<br>реформалар жөніндегі<br>агенттік (келісім<br>бойынша) |
| 7.06.99 | 2000 жылға арналған негізгі макроэкономика.<br>лық көрсеткіштер 2000 жылға арналған инфля.<br>цияның, теңгенің айырбас бағамының және<br>қайта қаржыландыру ресми ставкасының дең.<br>гейі Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы | Қаржымині, Экономика.<br>лық жоспарлау жөнін.<br>дегі агенттік, Ұлттық<br>Банк (келісім бойын.<br>ша) |
| 11.06.99 | Кірістердің, алынатын ресми трансферттер.<br>дің, республикалық бюджеттен бұрын берілген<br>несиелер бойынша негізгі борышты өтеудің<br>көлемдері<br>Айлық жалақының, зейнетақының және айлық<br>есептік көрсеткіштің ең аз мөлшерлері<br>Жергілікті атқарушы органдарды несиелендіру<br>лимиті<br>Қазақстан Республикасының мемлекеттік<br>кепілдігімен бұрын алынған заемдарды өтеу<br>және оларға қызмет көрсету сомасы 2000 жылы<br>республикалық және жергілікті бюджеттерге<br>түсетін түсімдер | Қаржымині, Мемкіріс.<br>мин, Ұлттық Банк<br>(келісім бойынша),<br>Экономикалық жоспар.<br>лау жөніндегі агент.<br>тік, Еңбек және ха.<br>лықты әлеуметтік қор.<br>ғау министрлігі |
| 16.06.99 | 2000 жылы жекешелендіруге жататын республи.<br>калық және коммуналдық меншік объектілері.<br>нің тізбесі Қаржыландыру нысандары көрсеті.<br>ле отырып, функционалдық топтар мен респуб.<br>ликалық бюджеттік бағдарламалардың әкімші.<br>лері бойынша республикалық бюджет шығыста.<br>рының лимиттері | Қаржымині |
| 21.06.99 | Үкіметтік борыш лимиті Қазақстан<br>Республикасының үкіметтік кепілдіктерін<br>беру лимиті | Қаржымині |

| | | |
|---|---|---|
| 30.06.99 | 2000 жылға арналған жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының жиынтық лимиті 2000 жылға арналған жергілікті атқарушы органдардың борышының жиынтық лимиті | Қаржымині |
| 5.07.99 | Аса маңызды жергілікті бюджеттік бағдарла. малар бойынша шығыстар лимиті | Қаржымині |
| 27.07.99 | Функционалдық топтар мен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша 2000 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының көлемдерімен бірге республикалық бюджеттік бағдарламалардың нақтыланған тізбесі | Қаржымині |
| 1-25.08. 99 | Мемлекеттік мекеме-республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірге республикалық бюджеттік бағдарламаларды 2000 жылы қаржыландыру жобаларын қарау | Мемлекеттік мекеме-бағдарламалардың әкімшілері |
| 1.09.99 | Жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігінің жобалары және аса маңызды жергілікті бағдарламалар бойынша шығыстар лимиттері | Қаржымині, Денсаулық, білім және спортмині |
| 10.09.99 | "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңның жобасы | Қаржымині, Әділетмині |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 655 қаулысына
1-қосымша

Сала бойынша 1998 жылғы жылдық жиынтық
табыс пен жүргізілген шегерімдер туралы
декларация бойынша көрсеткіштер

мың. теңге

| рет | Аумақтық бөліністегі көрсеткіштердің атауы | 1998 жылғы |
|---|---|---|
| 1 | Түзетуден кейінгі жылдық жиынтық табыс, 18-жол бойынша | |
| 2 | Шегерімдер - барлығы, 31-жол бойынша | |
| 3 | Салық салынатын табыс, 32-жол бойынша | |
| 4 | 27-бапқа сәйкес көшірілген кәсіпкерлік қызмет салдарынан болған шығындар | |
| 5 | 34-бапқа сәйкес салық салудан босатылған табыс, 34-жол бойынша | |
| 6 | Көшірілген шығындар және берілген жеңілдіктер ескерілген салық салынатын табыс, 35-жол бойынша | |
| 7 | Есептелген салықтың барлығы, 36-жол бойынша | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 655 қаулысына
2-қосымша

1-нысан

Заңды тұлғалардың көлік құралдарының
бар-жоғы туралы
Мәлімет

| Облыстардың атауы | Жеңіл автомобильдер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | көлемі 1100текше.см.дейін двиг. | | | кол.1100-ден 1500текшесм.дейін двиг. | | |
| | 6 жылға дейін | 6 жылдан жоғары, ТМД | 6 жылдан жоғары, шетел машинасы | 6 жылға дейін | 6 жылдан жоғары, ТМД | 6 жылдан жоғары, шетел |

|          |       | елдері  |            |        | елдері   | машинасы
|___________|_______|_________|_____________|________|__________|__________
Ақмола
Актөбе
Алматы
Атырау
Ш-Қазақстан
Жамбыл
Б-Қазақстан
Қарағанды
Қызылорда
Қостанай
Маңғыстау
Павлодар
С-Қазақстан
О-Қазақстан
Астана қаласы
Алматы қаласы
ЖИЫНЫ

таблицаның жалғасы

______________________________________________________________________
|кол.1500-ден 2000текше.см. дейін двиг.|көлемі 2000-3000 текше.см.двиг. |
|_____________________________________|________________________________|
|6 жылға  |   6 жылдан  |  6 жылдан    | 6 жылға| 6 жылдан   | 6 жылдан |
| дейін   |   жоғары,   |   жоғары,    | дейін  | жоғары, ТМД| жоғары,  |
|         |ТМД елдері   |шетел машинасы|        |  елдері    | шетел    |
|         |             |              |        |            |машинасы  |
|_________|_____________|______________|________|____________|__________|

жалғасы

___________________________________________________________
|көлемі 3000-4000 текше.см.двиг.       |      4000          |
|_____________________________________|                     |
|6 жылға  |   6 жылдан  |  6 жылдан    |  текше. см. жоғары  |
| дейін   |   жоғары,   |   жоғары,    |                     |
|         |ТМД елдері   | ТМД елдері   |                     |
|         |             |              |                     |

Ескерту: Автокөлік құралдарының маркалары б-ша салық заңының 129-бабы б-ша салық төлеуден босатылатын көлік құралдарының санын көрсету керек.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 655 қаулысына
3-қосымша

1-нысан

Заңды тұлғалардың көлік құралдарының
бар-жоғы туралы
Мәлімет

| Облыстардың атауы | катерл.,кемел.,баржал.,яхтал. двиг. қуаты: 160 ат күшіне дейін | 160-тан 500 ат күшіне дейін | 500-ден 1000 ат күшіне дейін | 1000 ат күшінен жоғары |
|---|---|---|---|---|
| Ақмола | | | | |
| Ақтөбе | | | | |
| Алматы | | | | |
| Атырау | | | | |
| Ш-Қазақстан | | | | |
| Жамбыл | | | | |
| Б-Қазақстан | | | | |
| Қарағанды | | | | |
| Қызылорда | | | | |
| Қостанай | | | | |
| Маңғыстау | | | | |

Павлодар
С-Қазақстан
О-Қазақстан
Астана қаласы
Алматы қаласы
Жиыны

таблицаның жалғасы

| 1.04.99 ж. дейін сатып алынған ұшу аппараттары | | | 1.04.99 ж. кейін сатып алынған ұшу аппараттары | | |
|---|---|---|---|---|---|
| пайдал. уақыты 5 жылға дейін | 5-тен 15 жылға дейін | 15 жылдан жоғары | пайдал. уақыты 5 жылға дейін | 5-тен 15 жылға дейін | 15 жылдан жоғары |

2-нысан

Заңды тұлғалардың көлік құралдарының
бар-жоғы туралы
Мәлімет

| Облыстардың атауы | Жүк машин. жүк көтеруі: | | | автобустар | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1,5 тоннаға дейін | 1,5 нан 5 тоннаға дейін елдері | 5 тоннадан жоғары машинасы | 12 отыр. ғызу орнына дейін | 12-ден 25 отырғызу орнына дейін | отырғызу орны 25-тен жоғары |
| Ақмола | | | | | | |
| Ақтөбе | | | | | | |
| Алматы | | | | | | |
| Атырау | | | | | | |
| Ш-Қазақстан | | | | | | |
| Жамбыл | | | | | | |

Б-Қазақстан
Қарағанды
Қызылорда
Қостанай
Маңғыстау
Павлодар
С-Қазақстан
О-Қазақстан
Астана қаласы
Алматы қаласы
Жиыны

таблицаның жалғасы

| мотоциклдер, мотороллерл., мотошана, шағын кемелер (двиг.қуаты 55 квт-тан төмен |
|---|

2-нысан

Жеке тұлғалардың көлік
құралдарының бар-жоғы туралы
Мәлімет

| Облыстардың атауы | катерл.,кемел.,баржал.,яхтал. двиг. қуаты: | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 160 ат күшіне дейін | 160-тан 500 ат күшіне дейін | 500-ден 1000 ат күшіне дейін | 1000 ат күшінен жоғары |
| Ақмола | | | | |
| Ақтөбе | | | | |

Алматы
Атырау
Ш-Қазақстан
Жамбыл
Б-Қазақстан
Қарағанды
Қызылорда
Қостанай
Маңғыстау
Павлодар
С-Қазақстан
О-Қазақстан
Астана қаласы
Алматы қаласы
Жиыны

таблицаның жалғасы

| 1.04.99 ж. дейін сатып алынған ұшу аппараттары | | | 1.04.99 ж. кейін сатып алынған ұшу аппараттары | | |
|---|---|---|---|---|---|
| пайдал. уақыты 5 жылға дейін | 5-тен 15 жылға дейін | 15 жылдан жоғары | пайдал. уақыты 5 жылға дейін | 5-тен 15 жылға дейін | 15 жылдан жоғары |

3-нысан

Жеке тұлғалардың көлік
құралдарының бар-жоғы туралы
Мәлімет

| Облыстардың атауы | Жеңіл автомобильдер | |
|---|---|---|
| | көлемі 1100текше.см.дейін двиг. | кол.1100-ден 1500текшесм.дейін |

| | 6 жылға дейін | 6 жылдан жоғары, ТМД елдері | 6 жылдан жоғары, шетел машинасы | 6 жылға дейін | 6 жылдан жоғары, ТМД елдері | 6 жылдан жоғары, шетел машинасы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақмола | | | | | | |
| Ақтөбе | | | | | | |
| Алматы | | | | | | |
| Атырау | | | | | | |
| Ш-Қазақстан | | | | | | |
| Жамбыл | | | | | | |
| Б-Қазақстан | | | | | | |
| Қарағанды | | | | | | |
| Қызылорда | | | | | | |
| Қостанай | | | | | | |
| Маңғыстау | | | | | | |
| Павлодар | | | | | | |
| С-Қазақстан | | | | | | |
| О-Қазақстан | | | | | | |
| Астана қаласы | | | | | | |
| Алматы қаласы | | | | | | |
| Жиыны | | | | | | |

Ескерту: Автокөлік құралдарының маркалары б-ша салық заңының 129-бабы б-ша салық төлеуден босатылатын көлік құралдарының санын көрсету керек.

таблицаның жалғасы

| кол.1500-ден 2000текше.см. дейін двиг. | | | көлемі 2000-3000 текше.см.двиг | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 жылға дейін | 6 жылдан жоғары, ТМД елдері | 6 жылдан жоғары, шетел машинасы | 6 жылға дейін | 6 жылдан жоғары, ТМД елдері | 6 жылдан жоғары, шетел машинасы |

жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| көлемі 3000-4000 текше.см. двиг. | | 4000 | |
| 6 жылға дейін | 6 жылдан жоғары, ТМД елдері | 6 жылдан жоғары, ТМД елдері | текше. см. жоғары |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 655 қаулысына
4-қосымша

Жеке тұлғалардың жылжымайтын
мүлкінің бағалау құны туралы
Анықтама

(мың теңге)

| N | Көрсеткіштер | 1998 жылғы іс жүзінде | 2000 ж. арналған болжам |
|---|---|---|---|
| 1 | Жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлкінің құны - Барлығы | | |
| 2 | Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың мүлкінің құны | | |
| 3 | Кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмаған мүліктің құны<br>оның ішінде:<br>1 млн. теңгеге дейін | | |

1-ден 2 млн. теңгеге дейін
2-ден 3 млн. теңгеге дейін
3-ден 4 млн. теңгеге дейін
4-тен 5 млн. теңгеге дейін
5-тен 6 млн. теңгеге дейін
6-дан 7 млн. теңгеге дейін
7-ден 8 млн. теңгеге дейін
8-ден 9 млн. теңгеге дейін
9-дан 10 млн. теңгеге дейін
10 млн. теңге
10 млн. теңгеден жоғары

4 Салық салу бойынша жеңілдіктері бар азаматтар санатының саны (Салық заңының 134-бабының 2-тармағы)

4-нысан

Жеке тұлғалардың көлік құралдарының бар-жоғы туралы
Мәлімет

| Облыстардың атауы | Жүк машин. жүк көтеруі: | | | автобустар | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1,5 тоннаға дейін | 1,5 нан 5 тоннаға дейін | 5 тоннадан жоғары | 12 отыр. ғызу орнына дейін | 12-ден 25 отырғызу орнына дейін | отырғызу орны 25-тен жоғары |
| Ақмола | | | | | | |
| Ақтөбе | | | | | | |
| Алматы | | | | | | |
| Атырау | | | | | | |
| Ш-Қазақстан | | | | | | |

Жамбыл
Б-Қазақстан
Қарағанды
Қызылорда
Қостанай
Маңғыстау
Павлодар
С-Қазақстан
О-Қазақстан
Астана қаласы
Алматы қаласы
Жиыны

таблицаның жалғасы

| |
|---|
| мотоциклдер, мотороллерл., мотошан., шағын кемелер (двиг.қуаты 55 квт-тан төмен |

Оқығандар:
Омарбекова А.
Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК